



КЕҢЕС

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

СОВЕТ

12.10.2022 жыл

№ 5, 1-т.

**Қазақстандық салалық білім және  
ғылым қызметкерлері кәсіподағын дамытудың  
«Жаңа Қазақстан – Жаңа кәсіподақ» атты  
Тұжырымдамасы туралы**

Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағын дамытудың «Жаңа Қазақстан – Жаңа кәсіподақ» атты Тұжырымдамасының жобасын қарастырып және тақылап, Кәсіподақтың Салалық Кеңесі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағын дамытудың «Жаңа Қазақстан – Жаңа кәсіподақ» атты Тұжырымдамасы бекітілсін (қосымша ұсынылады).

2. Барлық деңгейдегі кәсіподақ органдары осы Тұжырымдаманы басшылыққа алсын.

3. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының басшы органдарына келесі міндеттемелер жүктелсін:

3.1. Бастауыш кәсіподақ ұйымдарында Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының «Жаңа Қазақстан – Жаңа кәсіподақ» атты Тұжырымдамасы талқылансын.

3.2. Кәсіподақ органдары мен ұйымдары қызметінің тиімділігін арттыру, кәсіподақтың жарғылық мақсаттары мен міндеттерін орындау және кәсіптік одақ мүшелерінің әлеуметтік-енбек құқықтары мен кәсіптік мүдделерін білдіру және қорғау бойынша мақсатты жұмыс жүргізілсін.

3.3. Оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім беру саласындағы әлеуметтік әріптестікті одан әрі дамытуға, педагогтардың әлеуметтік мәртебесін арттыруға шаралар қабылдау, қызметкерлерді Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңында көзделген жеңілдіктермен және кепілдіктермен толық көлемде қамтамасыз етуге қол жеткізу, бұл жұмыста мемлекеттік билік органдарымен, жұмыс берушілер бірлестіктерімен белсенді өзара іс-қимыл жасалсын.

3.4. Кәсіподақ ұйымдарын ұйымдастырушылық нығайтуға, мүшелік базаны одан әрі кеңейтуге, тұжырымдамада баяндалған жаңа міндеттерді ескере отырып, барлық деңгейдегі кәсіподақ органдарының жұмыс нысандары мен әдістерін жаңартуға, кәсіподақ кадрлары мен активтің кәсіподақ Жарғысын қатаң сақтаудағы жауапкершілігін арттыруға, кәсіподақ қозғалысы мен одақшылдық ұйымшылдықты нығайтуға қол жеткізілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақтың Салалық Кеңесінің Аткару комитетіне жүктелсін.

Төраға



1

А. Мұқашева